

**НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІң  
«МӘШЬҮР ЖУСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
БҮЙРЫҚ**

**«01» 09 2022 жыл**

**№ 816**

**Нұр – Сұлтан қаласы**

**2022-2023 оқу жылының басталуына орай  
Терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз  
ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысы Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 106-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы мекеме басшылары мен қызметкерлеріне арналған әдістемелік нұсқаулық мектеп ұжымына толық таныстырылсын.
2. Мектеп оқушыларына апталық сыйып сағаттарында тақырыптық сыйып сағаттары жоспарға сәйкес өткізілсін және мектеп фойесінде терроризмге байланысты жаднама, ақпараттық бүрштаптары ұйымдастырылсын.
3. 1 – 11 сыйып оқушыларын арнайы дәріс сағатында «Өмір қауіпсіздігі» нұсқаулығымен таныстыру, кеңес беру жұмыстары сыйып жетекшілері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Аманкуловаға жүктелсін.
4. Әдістемелік нұсқаулықты мектеп ұжымына таныстыру жауапкершілігі және тізім бойынша қол қойғызы директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Р.Т.Кубелековаға және алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні мұғалімі А.Ә.Жангалиға міндеттелсін.
5. Осы бүйректың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры**



**Г.Н.Сундетов**

## Анықтама

Мәшіүр Жұсіп атындағы №57 орта мектебімізде 12 мамыр 2023 ж күні мектеп окушылары мен қызметкерлеріне терроризмге қарсы қауіпсіздік бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқу-жаттығуды жүргізудегі түпкі мақсаты – техникалық құралдардың тұрақты жұмыс істеуін бақылаудан бөлек, қауіп төнген жағдайда окушылар, мұғалімдер мен қызметкерлердің дұрыс әрі қауіпсіздікті сактап, жедел әрекет етуіне бағдарлау.

Терроризмге қарсы қауіпсіздік бағытында жүргізілген және өрт қауіпсіздігі кезіндегі ережелермен таныстыру жұмыстары әлеуметтік желіге және мектеп сайтына салынды.


<https://www.instagram.com/p/CsGXIfNrNcQ0/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

[https://www.instagram.com/p/CsIxDbnt-hU/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CsIxDbnt-hU/?utm_source=ig_web_copy_link)

<https://www.instagram.com/reel/CsIx3BUL8zo/?igshid=NjZiM2M3MzIxNA==>



ДТІЖО :


М.Аманкулова


Д.Айдарова



**Балалардың терроризмге қарсы қауіпсіздігі және  
оларды қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Ұйымшылдық пен қырагылықты, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындықты арттыруға, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Мектеп гимаратына кіру күзет бекетінде болуы тиіс келушілерді журналда тіркей отырып, жеке басын куәландыратын құжаттары болған кезде жузеге асырылады. Мектеп сабактарын өткізу кезінде кіретін есіктер жабық болуы тиіс.
3. Мектепке келген барлық адамдар аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжаттың номірін, келу уақытын және кету уақытын корсете отырып, келу журналына тіркеледі
4. Тұрақты күзеті жоқ кіру есіктері, қосалқы шығу есіктері жабылып, мөрленуі тиіс.
5. Күзет қызметкерлері кешкі және түнгі уақытта ғимаратты сыртқы жағынан айналып өтуге және терезелердегі әйнектердің, торлардың, кіру есіктерінің бүтіндігін тексеруге, ол туралы журналға жазба жасауға міндетті.
6. Шаруашылық менгерушісі күзет қызметкерлерінің мектепке кіру кілттерінің екінші жиынтығымен қамтамасыз етілсін.
7. Оқу жылы ішінде бір рет окушылар мен тұрақты құрамды ғимараттан эвакуациялау бойынша жаттыгулар өткізу.
8. Ғимараттан мәжбүрлі көшіру кезінде мұғалімдер тізім бойынша окушылардың бар-жоғын, ал директордың ОТЖ жөніндегі орынбасарына тұрақты құрамның бар-жоғын қауіпсіз жерде тексеруге және оларды іздестіру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.
9. Ең қауіпті жерлерде (эвакуациялау схемасы бойынша) жарамды, зарядталған өрт сөндіргіштердің болуы және міндетті түрде күзет қызметкерлерінде болуы тиіс.

10. Күдікті пакеттер, қораптар, жарылғыш және радиоактивті заттар табылған жағдайда оларға жақындаамаңыз, қол тигізбеніз (тек оларды қоршаңыз) және дереу тиісті органдарға хабарланыз.
11. Мектеп ғимараты мен оған іргелес аумақта бөгде көліктің тұрағына жол бермеу. Кіру қақпасын жабық ұстаныз. Иесіз көлік тұрағының барлық жағдайлары туралы Құқық қорғау органдарына хабарлансын.
12. Ғимаратта бөгде адамдар пайда болып, ұзак уақыт болған кезде құқық қорғау органдарына хабарлап, өткізу режимін күштейтсін.
13. Мәжбүрлі эвакуациялау кезінде (салынған жарылғыш зат туралы сигнал алған кезде) балаларды орналастыру қажет.
14. Өрт болған жағдайда, дереу № 101 немесе 112 телефонына хабарлау, өртті сөндіру шараларын қабылдау
15. Окушыларға тұтіндеғен үй-жайда тыныс алу органдарын қорғау тәсілдерін үйрету.
16. Күдікті заттар, жарылғыш құрылғылар, радиоактивті заттар табылған, террористік актілер жасалған немесе әрекет жасалған жағдайда ауданың тиісті жедел қызметіне дереу қонырау шалыңыз.



2022-2023 оку жылындағы антитеррорлық қауіпсіздікке байланысты ұжыммен  
откізілетін іс шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Қатысушылар, үйымдастыру формасы	Жауапты
1	Іс-шара жұмысын жоспарлау. Діни экстремизм мен терроризм – ғасыр індегі	Қараша	Сынып жетекшілер Дәңгелек стол	ДТІЖО Сынып жетекшілер Нұргазин О
2	Экстремизммен күрес басқармасы қызметкерлерімен кездесу	Жылына бір рет	Кездесу	Педагог үйымдастырушы Тарих пәні мұгалімдері
3	Терроризмге жол жок антитеррорлық қауіпсіздікке байланысты нұскаулық жүргізу	Ақпан	Тұсінірме жұмысы	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Нұргазин О
4	Терроризм және оның зардаптары	Сәуір	Тұсінірме жұмыстары	ДТІЖО Педагог үйымдастырушы

ДТІЖО:  М.А.Аманкулова



2022-2023 оку жылындағы терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс шарапар  
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шарапар атапу	Мерзімі	Сыныбы форматы	Жауапты
1	Іс-шара жұмысын жоспарлау Діни экстремизм мен терроризм – ғасыр індегі	Қыркүйек Қазан	9 сыныптар Дәңгелек стол	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
2	Біз діни экстремизмге қарсымыз	Қантар	5-11 сыныптар челлендж	ДТІЖО Сынып жетекшілер Адал Үрпақ клубы
3	Терроризмге жол жок	Ақпан	9 сыныптар Түсіндірме жұмысы	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
4	Терроризм және оның зардаптары	Наурыз	5-7 сыныптар Түсіндірме жұмыстары	ДТІЖО Педагог ұйымдастыруышы
5	Терроризм -қогамға қауіп төндіреді	Сәуір	5-7 сыныптар сурет салу	Түсіпханов Е.К. Сынып жетекшілер
6	Дінтану негіздері	Жыл бойы	9 сыныптар	ДТІЖО Пән мұгалімдері

ДТІЖО:  М.А.Аманкулова

## Анықтама

"Діни экстремизм мен терроризм- ғасыр індетті атты"  
тақырыбында дөңгелек үстел.

### Іс-шараның мақсаты:

1.Оқушылардың назарын террористік актілердің алдын алу мақсатында қажетті шараларды жасау керектігін айтуды.



2.Толеранттылықты қалыптастыру, ұлтаралық қақтығыстар мен бассыздықтың алдын алу.

Аталған іс-шараға 8-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

Оқытушылар мен студенттер терроризм жайлы сұрақ-жауап, әңгімелер өрбітті.

**Жауапты мұғалімдер:** Нұрғазин О, Сапарбаева А.Ж

2022-2023 жылдың 15 күнашында Мәшіүр Жүсіп №57 орта мектебінде "Діни экстремизм мен терроризм- ғасыр індетті атты" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. "Діни экстремизм мен терроризм" туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Орындаған: Аманкулова М.А

Айдарова Д.К

**Мәшіүр Жұсіп атындағы №57 орта мектепте «Біз діни экстремизмге  
қарсымыз» пікірталас өткізілгені туралы**  
**АНЫҚТАМА**

Қаңтар айында мектебімізде 5-11 сынып оқушыларына «Біз діни экстремизмге қарсымыз» челлендж өткізілді. Терроризмнің ең қауіпті түрі – діни терроризм қаупі төніп тұр. Себебі, біздің мемлекетімізде дінге шек қойылмаған, яғни кез — келген адам өзі қай дінге сенгісі келсе соған сенуге құқылы. Қазіргі таңда бірнеше мемлекетте зансыз діни ұйымдар белсенді әрекет етуде. Қазақстанда соңғы кезде түрлі діни ағымдардың саны өсіп келеді.

Әрбір азамат қоғам тыныштығы үшін діни экстремизмге табанды түрде қарсы тұруы тиіс. Қазақ халқы ертеден - ақ бірліктің, ынтымақтың маңызын жете түсінген. Бабаларымыздан өситет болып бізге жеткен «Бақ қайда барасың ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге барамын деген қанатты сөз бүгінгі құн ішінде өз көкейкестілігін жойған жок. Кеменгер бабаларымыз «алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер» деп елді бірлікке шақырып отырган. Елбасымыздың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында біз сөз еткен ұғымдардың ерекше аталауы өтті тегін емес, Сондықтан бәрімізге қастерлі тәуелсіздігіміздің нығаюы үшін, елімізде ұлтаралық және дінаралық татулықтың сакталуы үшін бір кісідей атсалысайык.

АӘТД ұйымдастырушысы

А.Ә.Жангали

Мәшіүр Жұсіп атындағы №57 орта мектепте «Терроризм және оның зардаптары» тақырыбында 5-7 сынып окушыларына түсіндірме жұмыстар жүргізілгендігі жөнінде

### АНЫҚТАМА

«Терроризм және оның зардаптары» тақырыбында 5-7 сынып окушыларына түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсекізарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашкы этаптары болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбей немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Ланкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мұлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындағайда. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда.



Терроризм қазіргі таңда әлем індегі. Terror латын сөзі қорқыныш, үрей дегенді білдіреді.

Терроризмнің мақсаты — мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау.

Терроризм - ұйымдастық топ діттеген мақсатына жету үшін дұрсін - дұрсін күш қолдану арқылы корініс табатын әдіс. Терроризмнің ең қауіпті түрі – діни терроризм қаупі төніп тұр. Себебі, біздің мемлекетімізде дінге шек койылмаган, яғни кез - келген адам өзі қай дінге сенгісі келсе соған сенуге құқылы. Қазіргі таңда бірнеше мемлекетте заңсыз діни ұйымдар белсенді әрекет етуде. Қазақстанда соңғы кезде түрлі діни ағымдардың саны өсіп келеді. Нақты айтатын болсақ, 90 - жылдары діни ағымдардың жалпы саны 10 болса, бүгінде олардың саны шамамен 160 - тан асады.

Түсіндірме жұмыстары барысында ұйымдастыруыш педагог «Терроризм және оның зардаптары» тақырыбында баяндама оқыды.

ДТЖО

Ұйымдастыруыш педагог:

Леся  
Леся

М.Аманкулова

К.Мансурова


**Мәшіүр Жұсіп атындағы №57 орта мектепте «Терроризмге жол жок»  
атты түсіндірме жұмыстарына  
АНЫҚТАМА**

Ақпан айында 9 сыныптар арасында «Терроризмге жол жок» атты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Окушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардаптарын ұғындыру;

Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуга жол бермеу;

Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.



Терроризм – бейбіт адамдар мен тұрлі нысандарға қарсы саяси мақсатты көздеген тұрлі топтар мен астыртын әрекет ететін агенттердің қоғамның көңіл - қүйіне ықпал ету ойымен күш қолдануы» болып табылады. Екіншісі, діни терроризм. Бұл ең бір қатыгез, кисынсыз, әсіре идеологиялық негізге құрылған терроризм. Бұл қанды текетірестер тек діндер арасында емес (мұсылмандар - яһудилер) бір дін ішіндегі ағымдар мен бағыттар (шиялар мен суннилер, котоликтер мен протестанттар) арасында да жалғасып жатыр. Үшіншісі, қоғамдық құрылышты өзгертуді мақсат ететін, идеологиялық - әлеуметтік немесе революциялық терроризм.

АӘТД үйымдастырушысы


*Алжан*

А.Ә.Жангали

**Мәшіүр Жұсіп атындағы №57 орта мектепте «Дін мен тәрбие өнегесі»  
9 сыныптар арасында откізілген іс-шараға  
АНЫҚТАМА**

Караша айында 9 сынып арасында «Дін мен тәрбие өнегесі» пікірталас откізілді.


Мақсаты: Оқушыларга діни тәрбие бере отырып, адамгершілікке, имандылыққа, рухани тазалығын сақтауга уйрету. Мұсылман дінінің өміршендігін және Исламдінің насиҳаттау. Өз дініне деген сүйіспеншілігін, күрметпен карауға сенімін арттыру.



Әрбір адам діни экстремизм мен терроризмнен хақ дінімізді дұрыс ажыратада білгендері аbzal. Ол үшін барша адам діни тұрғыдан сауаттарын ашқандары дұрыс. Сол кезде фана, адасуышылықтан бойымызды аулақ ұстап, Ислам дініміздің хақ екендігіне көзімізді анық жеткіземіз..

Қазактың ұлы ақыны Абай – рухани сауатын жоғары деңгейге жеткізген тұлға. Абай сөзінің кара сөздерінде негізінен ақиқат турасында өзінің біліп түйгендерін халыққа жеткізуге асықкан. «Құранның іші толған игілік іс» деп ақын Ислам дінінің құндылықтарына, ондағы терең тәрбиеге бас иген. Әрі мұның қазакка қажеттілігін жақсы түсіген.

Ислам діні – адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тиуды, адамзатқа игілік пен адалдық жолында күресуді мұсылмандық борыш санайды.

Педагог үйымдастырушы:  К.Мансурова

## Анықтама

### Тақырыбы: Терроризм және діни экстремизм

**Мақсаты:** А) Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру;

Ә) Жасөспірімге қогамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңқестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу; Б) Жасоспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарга жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыры. Терроризм ұғымына, түрлеріне, кай уақытта пайда болғаны туралы түсінік берілді. Террорлық әрекеттердің белен алуды неліктен? (Пікірталас) откізді. Террористік ұйымдар мен діни секталардың таралуы туралы видео көрсетті. Терроризм не екендігі туралы біздің заманымызда айтылған сөз көп. Бұл сөздің анықтамасы адамдар мен қоғамға байланысты әртүрлі болады. Мысалы, көптеген тұлғалардың анықтамасы бойынша «терроризм» сөзі өзінің ұғымында джихадты, муджахидтарды, шаригат елдерінде жаза қолдануды қамтиды. «Терроризм» – араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады, магынасы – «коркыту». Тероризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен қатер тондіретін ұйымдар. Олар өз мұдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады. Билік пен байлыққа қол жеткізу үшін ештеңеден тайсалмайды. Билікті орынан кетіріп, дінді сылтау етіп, адамдар өміріне қауіп ұялатады. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады. Ендеши біз бүгінгі тақырыбымызда «терроризм» ұғымы туралы кеңінен түсінік алатын боламыз. Экстремизм мүшелері көздеңен мақсаттарына жету үшін ешнәрседен каймықпайды. Тіпті өздерін құрбан етуге әзір. Осылайша күш, кару қолдану және зандар сенім — нанымдарды аяқта тапташ, дін атын бүркемелеп, діттегендеріне жетуге тырысады. Өзі үшін бөгде пікірде саналатындарды түрлі амал — айлалармен арандатуды ойластырады. Экстремизм діндегі женілдеткен үкімдерді ауырлатып көрсетіп, халыққа түймедейді түйедей етіп көрсетіп бағады. Мұсылмандық адад, таза тіршілікті лайлауға барынша тырысып бақкан, бөгде, бөтен пасық пиғылды адамдардың өнмендеп арамызды арамдап жатқан жасырын емес. Сол ағымдардың алдауына, азғыруына көніп, солардың қарамағына ілінген, карагоз бауырларымызды ойлағанда, өзегіме орт түскендей өкінішті сезесің. Қаншама қандас бауырларымыз діни сауатсыздықтың, рухани дүниенің таяздығы салдарынан осы теріс ағымдардың қол — шокпары бола, солардың жыртысын жыртып, сойылын соғып жур.



ДТІЖО: Аманкулова М.А

Айдарова Д.К